**Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi**
**«8D02303 – Dilbilim uzmanlığı kapsamında felsefe doktoru (PhD) unvanı almak üzere TALGATKYZY GULNARA'nın «Bağlam kategorisinin anlamsal sistemi» konulu doktora tezine yabancı danışmanın**
**YORUMU**

Bağlam kategorisi teorisini oluşturmak için bağlamın kendisinin dilbilimsel bir kategori olarak kanıtlanması ve doğrulanması çok önemlidir. Dilbilimde bağlam, yapısal dilbilimin her alanında yer alan sistematik bir olgudur. Örneğin, seslerin karşılıklı bağlanan/bağlanmayan yasaları vardır, benzer şekilde hecelerin de kelime oluşturma işlevinde bağlanabilen/bağlanmayabilen kuralları olması mümkündür ve bunu gösteren araştırmalar günümüzde önem kazanmaktadır. Dünya dil biliminde valans kavramı dilbilimsel bir kategori olarak ele alınmaktadır. Çünkü kelime anlamını daha derinlemesine incelemek, leksemaların Sözdizimsel ilişkilerindeki dönüşümü araştırmak, valansı incelemek demektir. Valans ve bağlam iki farklı dilbilimsel kavramdır, ancak birbirini tamamlayıcı kavramlardır. Bağlam konusu araştırılırken bağlam olgusunun anlamsal, gramatik ve pragmatik potansiyelinin belirlenmesi üzerinde durulur. Bu nedenle bağlamı bir kategori olarak inceleyerek kelimelerin bağlamındaki anlamsal sistemin türleri ve kuralları belirlemek, Kazak dil biliminin güncel meselelerinden biri olduğunu gösterir ve şunları ortaya koyar:

- Dil dinamiği ve değişimlerin bir görünümüdür;
- Leksikal ve gramatik ilişkilerin bir ölçüsüdür;
- Sözlük yapımı ve dilbilim alanlarında bir gereklilik olarak kanıtlanır ve sınıflandırılır.

Birinci bölüm dört alt başlıktan oluşmaktadır, her biri bağlam olgusunu farklı yönleriyle tanımlamaktadır. Bu bölüm, bağlam kavramının dilbilimsel alandaki oluşumu ve gelişimini, bilimsel-teorik önemini ve yapısal dilbilimle olan ilişkisini kapsamlı bir şekilde ortaya koymaya yöneliktir.

Bağlam kavramının ortaya çıkış yolları, bu kavramı ilk kez bilimsel dolaşıma geçiren araştırmacılar ile birlikte yapısalcı, işlevselci, sözlükbilimsel ve bilişsel gibi çeşitli dilbilimsel ekoller çerçevesinde nasıl ele alındığı açıklanmıştır. Sovyet ve Batı Avrupa araştırmacılarının çalışmaları gözden geçirilmiş böylece bağlam teorisinin evrimi gösterilmiştir.

**Bu bölümde ayrıca bağlamı tanımlayan temel özellikler ve ölçütler ele alınmıştır:**

- Sözdizimsel ve sözcüksel bağlam türleri,
- Bağlam türleri (serbest, kalıplaşmış, yarı serbest),
- Bağlam yetisi (kombinatorik potansiyel),
- Bağlam temelli valans ve anlamsal sınırlamalar.

Bir kelimenin bağlam alanının, onun anlamsal özelliğini açığa çıkarmada belirleyici bir rol oynadığı gerekçelendirilmiştir. Bu bölümde dilsel birimlerin sentagmatik (dizisel sıralanma) ve paradigmatik (yer değiştirme, alternatif seçim) ilişkileri bağlam şekliyle ele alınarak analiz edilmektedir. Sözcük öbeğinin oluşumu, tirkeşim kalıpları ve onların leksikogramatik içeriği bu iki ilişki temelinde sistematize edilir. Sentagma, bir sözcüğün doğrudan bağlanma yeteneğini ortaya koyarken, paradigma bağlamındaki anlam bakımından alternatifleri belirler.

Birinci bölümde bağlam kategorisi kapsamlı biçimde kuramsal açıdan tanımlanmış, onun yapısal, anlamsal ve edimbilimsel (pragmatik) özellikleri açıklığa kavuşturulmuştur. Bu yolla sözcüklerin bağlam yetisi ve anlamsal bağlarının dil sistemi içindeki yeri belirlenmektedir. Söz

konusu bölüm, sözcüksel-anlamsal çözümlemenin temelini oluşturarak tezin kuramsal zeminini teşkil etmektedir.

İkinci bölümde, Kazak Türkçesindeki bağlamın anlamsal yapıları ve anlam ilişkileri ele alınmaktadır. Bu bölümde, ad soylu kelimelerin bağlama yoluyla yeni adlandırmalar (nominalar) oluşturması, nesne anlamı kazanması yani adlaşma (nominalizasyon) olgusu analiz edilmiştir. İsim tamlamalarının temel işlevi; belirli bir kavramı, nesneyi veya olguyu adlandırmaktır. Bu çerçevede adlandırma işlevi, sözlükleşme, semantik birimlerin (sema) etkinliği ve bağlamsal (kontekstüel) anlam nüansları incelenmiştir. Ad soylu tirkeşimler temelinde oluşmuş kalıplaşmış ifadeler ve terimleşmiş yapılara örneklerle açıklamalar getirilmiştir. Bu bölümde ayrıca yüklem ilişkisine dayalı, yani cümlede özne-yüklem bağlantısıyla kurulan predikatif bağlamın yapısı ve anlamsal özellikleri de ele alınmıştır. İsim ve fiil arasındaki bağlam üzerinden:

- eylemin sahibi ile eylem arasındaki ilişki
- özne-yüklem (sübjekt-predikat) ilişkileri ortaya konmuştur.

**Bununla birlikte şu konular da değerlendirilmiştir:**

- Anlamsal valans,
- Fiilin cümle içindeki işlevselliği,
- Bağlamsal (kontekstik) semantik meseleler.

Üçüncü bölüm, bağlamın çeşitli yönlerini ele almakta; özellikle bağlam türlerinin tipolojisi, anlamsal alanlar ve bağlam yasallıkları incelenmektedir.
Bağlam tipolojisi, türlerini ve bunların birbiriyle nasıl ilişki kurduğunu tanımlar. Bağlam; sözcükler arasındaki sözcüksel, dilbilgisel ve anlamsal ilişkilerin bir uyumudur. Bu uyumun temelinde ise sözcüklerin bağlam sistemi yer alır.

**Bağlam türleri genel olarak şu başlıklar altında sınıflandırılarak ele alınmaktadır:**

- Dilbilgisel (gramatik) bağlam,
- Anlamsal (semantik) bağlam,
- Biçembilimsel (stilistik) bağlam,
- Sözcüksel (leksikal) bağlam.

Tez konusu çerçevesinde kapsamlı bir edebiyat taraması yapılmış, gerekli çalışmalar belirlenmiş ve yerinde kullanılmıştır. Tez çalışmasında özgünlüğünden sapmadan bilimsel çalışma üslubu korunmuştur. Elde edilen sözlük verileri titizlikle incelenmiş, değerlendirilmiş ve buna uygun olarak araştırma sonuçları belirlenmiştir. Sonuç olarak, araştırma hem kuramsal hem de pratik açıdan iyi bir bilimsel düzeyde kaleme alınmış; önerileri ve ele alınan konunun açıklığı başarılı bir şekilde ortaya konmuştur. Bu nedenle TALGATKYZY GULNARA'nın "Bağlam kategorisinin anlamsal sistemi" başlıklı doktora tezini başarılı olarak değerlendiriyor ve doktor unvanını almaya layık görüyorum.

**Ankara Üniversitesi**
**Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi**
**Çağdaş Türk Lehçeleri ve**
**Edebiyatları Anabilim Dalı**

**LAZZAT URAKOVA YANÇ**

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**
**«8D02303 –Лингвистика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Талғатқызы Гулнараның «Тіркесімділік категориясының семантикалық жүйесі» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік кеңесшінің**

**ПІКІРІ**

Тіркесімділік теориясын қалыптастыру үшін тіркесімділіктің өзін тілтанымдық категория ретінде дәлелдеп, растау аса маңызды. Лингвистикада тіркесімділік – құрылымдық лингвистиканың әрбір тармағында орын алатын жүйелі құбылыс. Мәселен, дыбыстардың өзара тіркесу/тіркеспеу зандылықтары бар, сол сияқты буындардың да сөз құрау қызметінде тіркесе алатын/тіркесе алмайтын ережелері болуы әбден мүмкіндігін көрсететін зерттеулер қазір өзекті. Әлемдік тіл білімінде валенттілік ұғымы – лингвистикалық категория ретінде қарастырылады. Себебі сөз семантикасын тереңірек зерттеу – лексемалардың синтагмалық қатынасындағы түрленімді зерттеу – валенттілікті зерттеу. Валенттілік пен тіркесімділік – екі түрлі лингвистикалық ұғымдар, бірақ бірін-бірі толықтырушы ұғымдар. Тіркесімділікті зерттеу барысында тіркесудің семантикалық, грамматикалық, прагматикалық әлеуетін анықтауға мүмкіндігі туралы айтылады. Сондықтан тіркесімділікті категория ретінде зерттеу арқылы сөздердің тіркесуіндегі семантикалық жүйе оның түрлері мен ережелерін көрсету қазақ тіл білімінің өзекті мәселелерінің бір бөлігі екенін көрсетіп, оны:

1. *Тілдік динамика мен өзгерістердің көрінісі;*
2. *Лексикалық және грамматикалық байланыстардың өлшемі анықталады;*
3. *Лексикографиялық және тілтану саласындағы қажеттілік ретінде дәлелдеп топтастырады.*

І тарау төрт тараушадан тұрады, әрқайсысы тіркесімділік феноменін әр қырынан сипатталды. Тіркесімділік ұғымының тіл біліміндегі қалыптасуы мен дамуын, оның ғылыми-теориялық мәнін, құрылымдық лингвистикамен байланысын жан-жақты ашуға арналған.

Тіркесімділік ұғымының қалыптасу жолдары, оны алғаш енгізген ғалымдар мен түрлі лингвистикалық мектептердің (құрылымдық, функционалды, лексикографиялық, когнитивтік) аясында қаралуы баяндалды. Кеңестік және батыс европалық зерттеушілердің еңбектеріне шолу жасалып, тіркесімділік теориясының эволюциясы көрсетілді.

Бұл бөлімде тіркесімділікті сипаттайтын негізгі белгілер мен критерийлер қарастырылған:

– синтаксистік және лексикалық тіркесімділік түрлері,
– тіркес типтері (еркін, тұрақты, жартылай еркін),
– тіркесу қабілеті (комбинаторика),
– контекстік валенттілік пен семантикалық шектеулер.

Сөздің тіркесу аясы оның семантикалық сипатын ашуда шешуші рөл атқаратыны негізделеді.

Бұл бөлімде тілдік бірліктердің синтагмалық (жүйелі тізбектелуі) және парадигмалық (ауыстыру, балама таңдау) қатынастары тіркесімділікпен байланыстырыла талданады. Сөз тіркесінің құрылуы, тіркесу үлгілері мен оның лексика-грамматикалық мазмұны осы екі қатынас негізінде жүйеленеді. Синтагма – сөздің тікелей тіркесу қабілетін көрсетсе, парадигма – тіркестегі мағыналық баламаларды айқындайды. І тарауда тіркесімділік категориясын жан-жақты теориялық тұрғыдан сипаттап, оның құрылымдық, семантикалық және прагматикалық сипаты айқындалды. Осы арқылы сөздердің тіркесу қабілеті мен мағыналық байланыстарының тіл жүйесіндегі орны анықталады. Бұл тарау – лексикалық-семантикалық талдаудың іргетасы ретінде диссертацияның теориялық негізін қалыптастырады.

ІІ тарауда қазақ тіліндегі тіркесімділіктің семантикалық құрылымдары мен мағыналық қатынастарын қарастырады. Бұл бөлімде есім сөздердің тіркесу арқылы жаңа номинация жасауы, заттық мағынаға ие болуы, яғни заттану құбылысы талданды. Есімді тіркестердің қызметі – нақты бір ұғымды, затты немесе құбылысты атау. Мұнда атауыштық функция, лексикалану, сема белсенділігі, және контекстуалдық реңктер қарастырылды. Есімді тіркестер негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестер мен терминденген құрылымдар мысалдармен түсіндіріледі.

Бұл бөлім предикативтік тіркестердің құрылымын, яғни сөйлем ішінде бастауыш-баяндауыш қатынасына негізделген тіркестердің семантикалық сипатын қамтыды. Зат есім мен етістік арасындағы байланыс арқылы:

– әрекет иесі мен әрекет,

– субъект-предикат қатынастары көрініс тапты. Сонымен бірге:

– семантикалық валенттілік,

– етістіктің сөйлемдік рөлге икемділігі,

– контекстік семантика мәселелері қарастырылды.

ІІІ тарау тіркесімділіктің әртүрлі қырларын, оның ішінде тіркесімдер типологиясын, семантикалық өріс пен тіркесім заңдылықтарын қарастырады.

Тіркесімдер типологиясы тіркесімдердің түрлерін, олардың бір-бірімен қалай байланысатынын сипаттайды. Тіркесімділік – лексикалық, грамматикалық және семантикалық байланыстардың үйлесімі. Оның негізінде сөздердің тіркесу жүйесі жатыр. Негізгі тіркесім түрлерін грамматикалық тіркесімдер, семантикалық тіркесімдер, стилистикалық тіркесімдер, лексикалық тіркесімдер деп топтастырып қарастырады.

Диссертация тақырыбы бойынша толық әдебиеттерге шолу жасалып, қажетті жұмыстар анықталып, орынды пайдаланылған. Диссертациялық жұмыста өзіндік ерекшелігінен ауытқымай, ғылыми жұмыс стилі сақталды. Алынған сөздік деректер мұқият зерттеліп, бағаланып, соған сәйкес зерттеу нәтижелері анықталды. Нәтижесінде зерттеу теориясы мен практикалық тұрғыдан жақсы ғылыми деңгейі, ұсыныстары, анықталған тақырыпты көрсетуі сәтті жазылған. Сол себепті Талғатқызы Гулнараның «Тіркесімділік

категориясының семантикалық жүйесі» атты диссертациялық жұмысын сәтті деп санаймын және докторлық дәрежесін алу үшін ұсынамын.

Анкара Университеті
Тіл және Тарих-География Факультеті
Қазіргі Түркі Тілдері және
Әдебиеттері Кафедрасы

Лаззат Уракова Йанч